

8D01101 - Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Абылайхан Салтанат Мұратханқызының «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Адамгершілік мәдениет теориясының қазіргі даму үдерісін, заманауи әлемдік және мемлекеттік әлеуметтік-мәдени жағдайларды талдау рухани жаңғыру жағдайының болашаққа қатысты орталық бағыттардың біріне айналатынын көрсетті. Тұрақты болашақтың шарттарының бірі жас өсіп келе жатқан ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру және бұл мәселеде білім беру шешуші маңызға ие. Біздің мемлекетіміздің болашағы, барлық өркениеттің болашағы көп жағдайда білімге байланысты. Ал, мектепке дейінгі жас ерекше назарға лайық, өйткені оның психологиялық сипаттамалары рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында педагогикалық ықпал ету үшін негіз болады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мәселесі теориялық пайымдалмаған және эксперименттік зерттелмеген. Осыған байланысты, автор:

- рухани жаңғыру жағдайын мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде негіздеді;

- «рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтады, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің құрылымдық компоненттерін айқындады;

- рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеді және теориялық негіздеді;

- рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясын құрды;

- рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерді.

Диссертация құрылымы ғылыми зерттеудің мәнін логикалық түрде көрсетеді және кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Қойылған мақсатқа жету және зерттеу міндеттерін шешу үшін ізденуші мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру үрдісіне ақпараттық-технологиялық кешен әзірлеп, енгізді:

- педагогтер, ата-аналар, балалар үшін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;

- оқу құралымен, ЭЕМ-ға арналған бағдарламамен, әдістемелік нұсқаулықтармен ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету.

Жүргізілген зерттеудің негізділігі мен сенімділігі зерттеушінің бастапқы теориялық ұстанымдарын сақтауымен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістер кешенін жүзеге асырумен, эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық талдаумен, экспериментке қатысушы балаларда зерттелетін феноменді қалыптастыру деңгейлерінде оң өзгерістермен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнының зерттеудің ғылыми аппаратына сәйкестігімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу нәтижелері халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енген ғылыми журналдарда, Scopus және Web of Science базасындағы индекстелген журналдардарында мақалалары жарияланды және Қарағанды қ. мектепке дейінгі ұйымдарының практикасына енгізілді.

Абылайхан Салтанат Мұратханқызының «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбында жазылған 8D01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын дербес орындалған, аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеп, аталған білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Ж.А. Карманова

Асмайылы
Ғалия Канши
Түтшилова

